

ХАТТАМА №1

Жалпы ата-аналар жиналысы
№13 «Тұлпар» бақшасы

Тақырыбы:

«Жаңа оқу жылы – балабақша, ата-аналар және тәрбиеленушілер өміріндегі жаңа кезеңнің бастауы»

Өткізілген күні: 25 қыркүйек 2025 жыл

Қатысқандар:

1. Меңгерушісі – Керимбекова Г.Б.
2. Әдіскер – Каюмова К.Р.
3. Мейірбике – Жолжаксинова Л.К.
4. Тәрбиешілер
5. 43 ата-ана

КҮН ТӘРТІБІ:

1. 2025 жылғы жазғы сауықтыру кезеңінің қорытындысы.
2. Жаңа оқу жылындағы міндеттер.
3. Қосымша қызмет – хореография.
4. Жол-көлік жарақаттануының алдын алу.

ЖИНАЛЫС БАРЫСЫ:

1-сұрақ бойынша тыңдалды:

Меңгеруші Керимбекова Г.Б. 2025 жылғы жазғы сауықтыру кезеңінің қорытындысы туралы баяндады.

Жаз мезгілінде тәрбиешілер мен мамандар тақырыптық апталықтар, көңілді ойындар, асфальтқа сурет салу, құмнан мүсін жасау байқауларын ұйымдастырған. Балалармен түрлі спорттық шаралар өткізілген. Сондай-ақ күн тәртібі, оқу жылына арналған жұмыс кестесі жөнінде әңгіме қозғалды. Ата-аналардың бәрі сұрақтарына жауап берілді.

2-сұрақ бойынша тыңдалды:

Әдіскер Каюмова К.Р. жаңа 2025–2026 оқу жылындағы негізгі міндеттермен ата-аналарды таныстырды. Сонымен қатар бірыңғай тәрбие бағдарламасы – «АДАЛ АЗАМАТ» жобасымен таныстырды.

3-сұрақ бойынша тыңдалды:

Меңгеруші Керимбекова Г.Б. ата-аналарды ақылы қосымша қызмет түрі – хореография пәнінің енгізілуімен таныстырды.

4-сұрақ бойынша тыңдалды:

Аға мейірбике Жолжаксинова Л.К. жол-көлік жарақаттануының алдын алу туралы баяндама жасады.

Ата-аналарға балаларды жолға өздігінен жібермеу, оларды жолда жүру ережелеріне үйрету қажеттігін атап өтті.

Ол келесі қарапайым қауіпсіздік ережелерін еске салды:

- ✓ Жолға шығуға немесе жүгіріп өтуге болмайды.

- ✓ Көшені тек жаяу жүргіншілер өткелінен («зебра») немесе «жаяу жүргіншілер өткелі» белгісі бар жерден өту керек.
- ✓ Бағдаршам бар жерде көшені тек оның сигналдарына сәйкес кесіп өтіңіз:
- ✓ қызыл – тоқта, сары – дайындал, жасыл – өт.
- ✓ Көшеден асығыс жүгірмей, сабырлы жүріспен өту қажет.
- ✓ Қос бағыттағы жолды кесіп өтерде алдымен солға, ал жолдың ортасына жеткен соң оңға қарау керек.
- ✓ Автобусты артқы жағынан айналып өту керек.
- ✓ Көлік күткенде тротуардың шетінде тұрмаңыз.
- ✓ Бұрыш, арка немесе басқа кедергілерден шығарда тоқтап, көлік жоқ екеніне көз жеткізіңіз.
- ✓ Ең бастысы – кішкентай балаларды жалғыз өздерін көшеге жібермеу, әрдайым қадағалау.
- ✓ Ата-аналардың сұрақтарына жауап берілді.

ШЕШІМ:

1. Бөбекжайдың 2025 жылғы жазғы сауықтыру кезеңіндегі жұмысын қанағаттанарлық деп тану.
2. 2025–2026 оқу жылына арналған міндеттерді қабылдау.
3. Ақылы қосымша қызмет – хореография пәнін енгізу туралы шешім бірауыздан қабылданды.
4. Жол-көлік жарاقاتтануының алдын алу шараларын қатаң сақтау.

Төрайым:



Керимбекова Г.Б.

Хатшы:



Курманалина А.Ж.